

**"Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2015 жылғы 29 қаңтардағы № 10 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Жамбыл облысы әкімдігінің 2015 жылғы 29 сәуірдегі № 75 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 4 маусымда № 2659 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2015 жылғы 29 қаңтардағы № 10 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2526 болып тіркелген, 2015 жылғы 14 ақпанда № 19 "Ақ жол" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1, 2-қосымшалары осы қаулының 1, 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;  
2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтүзбелік күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне жіберуді;

3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурстарында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Х. Әбдірайымовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімінің  
міндетін атқарушы*

*Е. Манжуов*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрі

А.С. Мамытбеков  
06 мамыр 2015 жыл

Жамбыл облысы әкімдігінің  
2015 жылғы 29 сәуірдегі № 75  
қаулысына 1-қосымша

## Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемі

| №  | Субсидиялау бағыты   | Өлшем бірлігі | Субсидиялау нормативі, теңге | Субсидия-ланатын көлем | Субсидия соммасы, мың теңге | Ірі қара мал шаруашылығы |
|--|--|---------------|------------------------------|------------------------|-----------------------------|--------------------------|
| 1  | Жеке қосалқы шаруашылықтардағы ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру   | бас           | 2801,82                      | 35 692                 | 100 000                     |                          |
|  | Барлығы:   |               |                              |                        | 100 000                     |                          |
| Етті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы  |  |               |                              |                        |                             |                          |
| 1  | Асыл тұқымды және селекциялық жұмысты жүргізу  |               |                              |                        |                             |                          |
| 1)                                       | тұқымдық түрлендірумен камтылған ірі қара малдың аналық мал басы   | бас           | 18 000                       | 23 294                 | 419 292                     |                          |
| 2)                                       | асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басы   | бас           | 20 000                       | 6 140                  | 122 800                     |                          |
| 2  | Асыл тұқымды және селекциялық ірі қара малды сатып алу   |               |                              |                        |                             |                          |
| 1)                                       | отандық асыл тұқымды ірі қара мал  | бас           | 154 000                      | 1 562                  | 240 548                     |                          |
|  | Барлығы:   |               |                              |                        | 782 640                     |                          |
| Сүтті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы |  |               |                              |                        |                             |                          |
| 1  | Селекциялық және асыл тұқымды жұмысты жүргізу  |               |                              |                        |                             |                          |
| 1)                                       | асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басы   | бас           | 20 000                       | 4 645                  | 92 900                      |                          |
| 2  | Асыл тұқымды ірі қара малды сатып алу  |               |                              |                        |                             |                          |
| 1)                                       | отандық асыл тұқымды ірі қара мал  | бас           | 154 000                      | 400                    | 61 600                      |                          |
| 2)                                       | импортталған асыл тұқымды ірі қара мал (Ресейден, Белорусия Республикасынан және Украинадан әкелінген асыл тұқымды малды қоса есептегенде) | бас           | 118 000                      | 269                    | 31 742                      |                          |
|  | Барлығы:   |               |                              |                        | 186 242                     |                          |
| Жұмыртқа бағыттағы құс шаруашылығы       |  |               |                              |                        |                             |                          |
| 1  | Отандық және шет елдік асыл тұқымды репродукторлардан ата-енелік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапандарды сатып алу                   | бас           | 120                          | 125 167                | 15 020                      |                          |

|                   |  |     |        |         |           |
|-------------------|--|-----|--------|---------|-----------|
| Барлығы:          |  |     |        |         | 15 020    |
| Қой шаруашылығы   |  |     |        |         |           |
| 1                 | Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу                          |     |        |         |           |
| 1)                | тұқымдық түрлендірумен қамтылған аналық қой басы                           | бас | 1 500  | 128 546 | 192 818   |
| 2)                | асыл тұқымдық зауыттар мен шаруашылықтардағы асыл тұқымдық аналық қой басы | бас | 1 500  | 150 000 | 225 000   |
| 2                 | Асыл тұқымды еркек тоқтылар мен тұсақтарды сатып алу                       | бас | 8 000  | 12 154  | 97 230    |
| Барлығы:          |  |     |        |         | 515 048   |
| Жылқы шаруашылығы |  |     |        |         |           |
| 1                 | Асыл тұқымды жылқылар сатып алу  | бас | 40 000 | 252     | 10 080    |
| Барлығы:          |  |     |        |         | 10 080    |
| Жиыны:            |  |     |        |         | 1 609 030 |

Жамбыл облысы әкімдігінің  
2015 жылғы 29 сәуірдегі № 75  
қаулысына 2-қосымша

## Мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемі

| Субсидиялау бағыты                       | Өлшем бірлігі   | Субсидиялау нормативі, теңге | Субсидия-ланатын көлем | Субсидия соммасы, мың теңге | Етті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы |       |         |
|--|---|------------------------------|------------------------|-----------------------------|---|-------|---------|
|  |   |                              |                        |                             | 1                                       | тонна | 286 700 |
| 1  | 1 деңгей  | 300 000                      | 425                    | 127 500                     |   |       |         |
| 2  | 2 деңгей  | 170 000                      | 658,8                  | 112 000                     |   |       |         |
| 3  | 3 деңгей  | 100 000                      | 472                    | 47 200                      |   |       |         |
| 2  | Бұқашықтарды субсидиялаудың бірінші деңгейіндегі бордақылау алаңдарына немесе операторға өткізу | бас                          | 24 000                 | 2 000                       | 48 000                                  |       |         |
| Сүтті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы |   |                              |                        |                             |   |       |         |
| 1  | Сүт өндірісінің құнын арзандату   | тонна                        |                        | 43 000                      |   |       |         |
| 1  | 1 деңгей  | тонна                        | 25 000                 | 560                         | 14 000                                  |       |         |
| 2  | 2 деңгей  | тонна                        | 15 000                 | 666,6                       | 10 000                                  |       |         |

|                                    |  |          |         |        |         |
|------------------------------------|--|----------|---------|--------|---------|
| 3)                                 | 3 деңгей                                       | тонна    | 10 000  | 1 900  | 19 000  |
| Жұмыртқа бағыттағы құс шаруашылығы |  |          |         |        |         |
| 1)                                 | Тағамдық жұмыртқа өндірісінің құнын арзандату  | мың дана |         |        | 55 300  |
| 1)                                 | 3 деңгей                                       | мың дана | 2 000   | 27 650 | 55 300  |
| Шошқа шаруашылығы                  |  |          |         |        |         |
| 1)                                 | Шошқа еті өндірісінің құнын арзандату          | тонна    | 98000   | 2 500  | 245 000 |
| Қой шаруашылығы                    |  |          |         |        |         |
| 1)                                 | Қой еті (қозы еті) өндірісінің құнын арзандату | тонна    |         |        | 50 520  |
| 1)                                 | 1 деңгей                                       | тонна    | 200 000 | 150    | 30 000  |
| 2)                                 | 2 деңгей                                       | тонна    | 100 000 | 205,2  | 20 520  |
| 2)                                 | Биязы жүн өндірісінің құнын арзандату          | тонна    | 130 000 | 307,6  | 40 000  |
| Жылқы шаруашылығы                  |  |          |         |        |         |
| 1)                                 | Жылқы еті өндірісінің құнын арзандату          | тонна    | 92 000  | 200    | 18 400  |
| 2)                                 | Қымыз өндірісінің құнын арзандату              | тонна    | 60 000  | 12     | 720     |
| Түйе шаруашылығы                   |  |          |         |        |         |
| 1)                                 | Шұбат өндірісінің құнын арзандату              | тонна    | 55 000  | 6      | 330     |
| Жиыны:                             |  |          |         |        | 787 970 |